

ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІКТІ ЖАЛҒАҒАН

4-БЕТ | ҚОҒАМ



САЗ БЕН СӨЗ ТОҒЫСҚАН КЕШ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Жұрттың бәрі жабыла мақтап жатқанда мақтау кез келгеннің қолынан келеді. Мықты болсаң, мақтамай көр! Жұрттың бәрі жабыла даттап жатқанда даттау да кез келгеннің қолынан келеді. Мықты болсаң даттамай көр!

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ

№44
(4942)
Бейсенбі
16 сәуір
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ГАЗДАНДЫРУ – ТҰРМЫС САПАСЫН ЖАҚСАРТТЫ

Елорданы және қала маңайындағы тұрғын алаптарын газбен жабдықтау жұмысы үздіксіз жалғасып жатыр. Соңғы жылдары газ инфрақұрылымын жаңғырту қарқыны күшейіп, елордадағы жылу-электр орталықтары да газ қуатымен қаланы жылумен жабдықтауды жүзеге асырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етіп отыр.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ОРДЕНІ БЕКІТІЛДІ

Мемлекет басшысы «Қожа Ахмет Ясауи» ордені туралы» Жарлыққа қол қойды.

«Мемлекеттік награда – «Қожа Ахмет Ясауи» ордені тағайындалсын» делінген құжатта. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне «Қожа Ахмет Ясауи» орденінің эскизін әзірлеу тапсырылды.

Түркістан облысына жұмыс сапары аясында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қожа Ахмет Ясауи» атты жаңа орден тағайындауды ұсынған болатын. Бұл бастама ұлы ойшылдың мұрасын зерттеуге және насихаттауға үлес қосқан азаматтардың ерекше еңбегін атап өтуге, сондай-ақ өңір мен елдің мәдени-рухани құндылықтарын нығайтуға бағытталған.

TAZAQAZBOT ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ

Елордада тұрғындардың өтініштерін қабылдау және өңдеу бойынша Telegram желісіндегі TazaQazBot чат-боты арқылы белсенді жұмыс жалғасып жатыр.

Чат-ботқа қабылданған өтінімдер 21 санатқа бөлініп, тиісті қызмет көрсетуші ұйымдарға бөлініп беріледі.

«2026 жылдың басынан бері онлайн платформаға 600-ден астам өтінім түсіп, оның 500-ден астамы орындалды. Тұрғындардың басым бөлігі аумақтарды абаттандыру, жарықтандыру, жол жөндеу, көгалдандыру және заңсыз қоқыс орындарын жою мәселелері бойынша жүгінген. Барлық өтінім белгіленген мерзімде қаралып, бұл тұрғындар үшін қолайсыздықтарды барынша азайтуға мүмкіндік береді» делінген қала әкімдігінің хабарламасында.

Астанада жастарға арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтеді, деп хабарлайды Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты. «Жәрмеңке 17 сәуірде сағат 14:30-да Жеңіс даңғылы, 62 мекенжайында орналасқан С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғимаратында ұйымдастырылады» делінген хабарламада. Әкімдіктің мәліметінше, бұл – жастар үшін жұмыс табуға, жұмыс берушімен әңгімелесуден өту және қаланың жетекші компанияларымен танысуға мүмкіндік.




ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК КӨБЕЙДІ

Астанада қоғамдық көліктің санын арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп отыр. Жолаушылар тасымалын жақсарту мақсатында 6 қалалық және 7 экспресс-маршрутқа қосымша 37 автобус қосылды.

City Transportation Systems компаниясының мәліметі бойынша:

№63 бағдарда – енді 22 автобус (бұрын 19); №67 бағдарда – енді 15 автобус (бұрын 10); №74 бағдарда – енді 15 автобус (бұрын 10); №76 бағдарда – енді 8 автобус (бұрын 5); №82 бағдарда – енді 15 автобус (бұрын 10); №83 бағдарда – енді 8 автобус (бұрын 6);

Экспресс-маршрутта: №501 маршрутта – енді 12 автобус (бұрын 10); №502 маршрут – енді 12 автобус (бұрын 10); №503 маршрутта – енді 12 автобус (бұрын 10); №505 маршрутта – енді 12 автобус (бұрын 10); №506 маршрутта – енді 10 автобус (бұрын 8); №507 маршрутта – енді 10 автобус (бұрын 8); №508 маршрутта енді 10 автобус (бұрын 8) жүретін болады.



№44 (4942) 16/04/2026 Бейсенбі

АҚОРДА



САН ҚЫРЛЫ ӘРІПТЕСТІК ЖАНДАНА ТҮСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасының Вице-президенті Джевдет Йылмазбен кездесті. Президент елімізге алғаш рет сапармен келген Джевдет Йылмазға ілтипат білдіре отырып, бауырлас Түркия Қазақстанның стратегиялық серіктесі екеніне назар аударды.

«Бауырластығымыз өзара сенім мен құрметке негізделген. Дипломатиялық қатынас орнаған 35 жылға жуық уақыт ішінде біз көптеген биік белесті бағындырдық. Қарым-қатынасымыз жоғары қарқынмен дамып келе жатыр. Арамызда ешқандай түйткіл жоқ. 14 мамырда Президент Режеп Тайип Ердоған елімізге мемлекеттік сапармен келеді. Сапар аясында Стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің кезекті отырысын өткіземіз. Жаңа келісімдерге қол қоямыз» деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін Астанада Қазақстан Премьер-министрі және Түркия Вице-президентінің тең төрағалығымен өткен Үкіметаралық комиссия қорытындысы екі елдің сан қырлы әріптестігін одан әрі жандандыра түсетініне сенім білдірді.

Джевдет Йылмаз қазақ елінде көрсетілген сый-құрмет үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты. Сондай-ақ Президент Режеп Тайип Ердоғанның сәлемі мен ыстық ықыласын жеткізіп, Түркия көшбасшысы Қазақстанға мемлекеттік сапарына және Түркі мемлекеттері ұйымының Түркістандағы бейресми саммитіне ерекше мән беріп отырғанын мәлімдеді. «Жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру аясында жаңа ғана Премьер-министр Олжас Бектенов мырзамен бірге Үкіметаралық сауда-экономикалық комиссиясының 14-отырысын өткіздік. Оның қорытындысы бойынша түрлі саладағы нақты шараларды іске асыратын бірлескен іс-қимыл жоспарына қол қойылды. Бұл құжат алдағы кезеңге арналған сауда-экономикалық ықпалдастығымыздың жол картасына айналады» деді Түркия Вице-президенті. Джевдет Йылмаз жаңа Конституцияны қабылдау бойынша жалпыұлттық референдумның табысты өтуімен құттықтап, Қазақстанның өсіп-өркендеуіне тілектестік білдірді.

Мемлекет басшысы осы тарихи сәтте бауырлас түрік халқының қолдауын сезінгенін, Түркиядан келген байқаушылар референдумға ерекше атсалысқанын атап өтті.

Әңгімелесу барысында екі елдің сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайту перспективасы талқыланды. Соның ішінде өңдеу өнеркәсібі, инфрақұрылым, энергетика, логистика, агроөнеркәсіп кешені, білім және туризм салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джевдет Йылмаз халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер, Таяу Шығыстағы күрделі ахуал жөнінде пікір алмасты. Мемлекет басшысы Түркияның аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлін жоғары бағалап, алдағы Анталия дипломатиялық форумына қатысатынын растады.

СУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының Су ресурстары жөніндегі арнаулы өкілі Ретно Марсудиді қабылдады.

Кездесуде су ресурстарының жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі негізгі мәселелері талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін су орнықты даму, экологиялық қауіпсіздік және өңірдегі тұрақтылықпен тікелей байланысты стратегиялық ресурс саналатынын атап өтті. Президент саладағы халықаралық ынтымақтастықтың анағұрлым тиімді архитектурасын қалыптастырудың маңызы ерекше екеніне назар аударды. Осы орайда және орнықты шешімдерді ілгерілету жөніндегі жаһандық күш-жігерге тың серпін береді.

Алдағы күндері Астанада өтетін Өңірлік экологиялық саммитте аталған құрылымды қалыптастыру параметрлері мен перспективасын егжей-тегжейлі талқылауға бағытталған халықаралық консультациялардың алғашқы кезеңін бастау жоспарланып отыр. Сонымен қатар биыл желтоқсан айында Абу-Дабиде



Мемлекет басшысы БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымын құру жөнінде көтерген бастамасына арнайы тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бұл қадам су ресурстарын ұтымды пайдалану, су проблематикасына қатысты сын-қатерлер бойынша халықаралық үйлестіру тетігін кеңейту өтетін Су ресурстары жөніндегі БҰҰ конференциясы саладағы түйткілдерді шешудің өзара келісілген тәсілдерін әзірлейтін алаң рөлін атқаратыны айтылды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ретно Марсуди Орталық Азия өңірінде су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі жөнінде пікір алмасты.

КӨМІРДЕН – КӨГІЛДІР ОТЫНҒА

Міне, елордада жылыту маусымы сәтті аяқталды. Бұл – табиғи газ саласы мамандарының жүйелі жұмысының маңызды көрсеткіші. Осыған байланысты газ инфрақұрылымы нысандарына арналған пресс-тур барысында «QazaqGazAimaq» АҚ қызметкерлері 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымын қамтамасыз еткен негізгі жобалармен таныстырды.



Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Жалпы, Астана өндірістік филиалының қарамағында жалпы ұзындығы 2 278 шақырым газ тарату желісі бар. Оның ішінде 807 шақырымы Астана қаласына, ал 1 471 шақырымы Ақмола облысына тиесілі.

Соңғы жылдары желілерді кеңейту мен жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Тек 2025-2026 жылдары 980 шақырым газ құбыры іске қосылып, 4 газ реттеу пункті, 104 шкафтық пункт және 277 жеке шкафтық пункт пайдалануға берілген. Бұл жүйенің өткізу қабілетін арттырып, қысқы кезеңдегі жоғары жүктеме кезінде тұрақты газ жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берген.

«Жылыту маусымының тұрақты өтуі – компания жұмысының басты басымдығы. Инфрақұрылымды дамыту және желілердің қуатын арттыру бойынша жүргізілген жұмыстар ең жоғары жүктемелер кезінде де газдың үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз етті» дейді Астана өндірістік филиалының директоры Ержан Балабеков. Оның айтуынша, бүгінде «Көктал-1», «Көктал-2», «Агрогородок», «Интернациональный», «Мичурин», «Күйгенжар», «Железнодорожный», «Промышленный», «Оңтүстік-Шығыс», Потанин көшесі маңы, «Үркер» (ішінара), «Family Village», «Тельман», «Кирпичный» және «Шұбар» тұрғын алаптары газбен қамтылған.

Табиғи газ ТЭЦ-1, ТЭЦ-2 және ТЭЦ-3 сияқты стратегиялық маңызды нысандарда, сондай-ақ «Оңтүстік-Шығыс» пен «Тұран» газ жылу станцияларында қолданылады. Бұл елорданың жылумен қамтылу тұрақтылығына тікелей әсер етеді.

Агломерацияны газдандыру да жылыту маусымының сәтті өтуінде маңызды рөл атқарды. 2024-2025 жылдары 9 елді мекен газға қосылса, 2025-2026 жылдары Нұрлы, Шұбар, Аққайың, Талапкер, Қоянды және Қараөткел сияқты ауылдар мен тұрғын алаптарда жобалар жүзеге асырылды. Бұл тұрғындарға қолайлы әрі экологиялық таза отын түріне көшуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, елорда іргесіндегі Қосшы қаласында да газдандыру кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Алғашқы іске қосу кезеңінде 7 800 отбасы табиғи газға қол жеткізсе, биыл 10 мыңнан астам тұтынушыны қамту көзделуде.

Пресс-тур барысында жаңадан көгілдір отын берілген аудандардың да жұмысымен танысуға мүмкіндік болды. Мәселен, «Тельман» тұрғын алабында газ 2025 жылдың қазан айында берілген. Мұнда желілердің жалпы ұзындығы 21 шақырымнан асады. 308 отбасы газға қол жеткізіп, олардың 158-і қазірдің өзінде қосылған.

– «Тельман» тұрғын алабы Есіл ауданында орналасқан. Жұмыстар екі кезеңмен жүргізілді. Газ жеткізуші құбыр қалалық энергетика басқармасымен бірлесіп салынды, ал ішкі желілер компанияның инвестициялық бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Екі газ реттеу пункті орнатылып, әрқайсысы шамамен 300 үйді қамтуға қауқарлы. Болашақта бұл желі 500-600 үйге дейін есептелген. Жүйе сақиналы түрде салынғандықтан, апат болған жағдайда газ екі бағыттан беріледі. Сонымен қатар, біз заманауи технологияларды, оның ішінде газдың ағып кетуін анықтайтын лазерлі дрондарды қолданамыз, – дейді Ержан Балабеков.

Тағы бір ірі жоба – «Шұбар» тұрғын алабын газдандыру. Бұл жоба 2026 жылдың қаңтарында іске қосылды. Желілердің ұзындығы 38 шақырымнан асып, 890 абонент газға қосылу мүмкіндігіне ие болды.

Қараөткел ауылында да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мұнда газ реттеу пунктінің өткізу қабілеті сағатына 11 мың текше метрге дейін жетеді екен. Жалпы жоба 2,4 мыңнан астам абонентті қамтиды. Осы ауылдың тұрғыны Айдос Иповтың айтуынша, табиғи газға қосылу өмір сапасын айтарлықтай жақсартқан. «Бұрын көмір жағып, көп қиындық көретінбіз. Қазір газдың арқасында үйіміз әрдайым жылы. Айына шамамен 25 мың теңге жұмсаймыз әрі тамақты да газбен пісіреміз. Үй іші жайлы, балалар еденде еркін ойнайды» дейді қуанып.

Ал Қараөткелде жоспар бойынша іске қосу 2026 жылдың соңына жоспарланғанымен, жұмыстар мерзімінен бұрын аяқталып, 2025 жылдың желтоқсанында пайдалануға берілді. Жалпы инвестиция көлемі шамамен 2,87 млрд теңгені құрайды.

Пресс-тур аясында «Тұран» газ жылу станциясы да таныстырылды. Бұл нысан жаңа аудандарды жылумен қамтуда маңызды рөл атқарады. Станция 10 су қыздыру қазандығымен жабдықталған, ал газ тұтыну көлемі сағатына 80 мың текше метрге дейін жетеді.

«Нысан 2023 жылдың соңында салынды. Қазіргі таңда 6 қазандық жұмыс істеп тұр, тағы 4-еуі іске қосу кезеңінде. Жалпы жылу қуаты – сағатына 600 гигакалория. Бұл станция Нұра және Есіл аудандарының бір бөлігін жылумен қамтамасыз етеді» деді станция басшысы Талғат Чубаев.

Жалпы, компания өкілдерінің айтуынша, газдандыру жобаларын әрі қарай дамыту нәтижесінде тағы 10 мыңнан астам тұтынушыны қосу жоспарланып отыр. Бұл тұрғындардың өмір сапасын арттырып қана қоймай, қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға да ықпал етеді.



ПОЛИЦИЯ БӨЛІМШЕСІНЕ БАРДЫ

Астана қалалық мәслихатының депутаттары жергілікті полицияның Мұқанов көшесі, 4 мекенжайында орналасқан әкімшілік бөлімінде болып, оның жұмысымен танысты.

Кездесу барысында негізгі назар қала бюджетіне салықтық емес түсімдердің жиналу барысына аударылды. Сондай-ақ бұл бағыттағы резервтерді анықтау мәселесі пысықталды.

Аталған жұмыстар былтырдан бері цифрландырылып келеді. Заң мен тәртіп және ашықтық қағидаттарын негізге ала отырып, бұл бағытта оң нәтижелер байқалуда.

«Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «Астана – ақылды қала» (Smart City) жобасы аясында әкімшілік полиция тарапынан қосымша ұсыныстар сұралды. Бұл және өзге де мәселелер 30 сәуір күні бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия отырысында қаралады. Атап айтқанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде Smart City жобасының аралық есебі талқыланады» деді қалалық мәслихат депутаты Кендебай Адамбек.

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН ТҮСІНДІРДІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Астанада «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында А.Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназияда оқушыларға қоғамдық көліктегі жауапкершілік пен жол ережесі қауіпсіздігі түсіндірілді.

Іс-шара балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы басшасымен, Астана қаласының Полиция департаменті және «City Transportation Systems» ЖШС-мен бірлесіп өткізілді.

Оқушыларға жол қауіпсіздігі тәжірибелік тұрғыдан да түсіндірілді. Полиция қызметкерлері балалармен бірге мектеп маңындағы жаяу жүргіншілер жолы мен аялдамаларға шығып, жолдан қауіпсіз өту ережелерін көрсетті. Сонымен қатар, арнайы әзірленген бейнероликтер арқылы түрлі жағдайлар мысалға келтіріліп, қауіптің алдын алу жолдары айтылды. Полиция қызметкерлері оқушыларға түрлі сұрақ қойып, олардың білімін тексеріп, дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға басымдық берді.

Ал City Transportation Systems компаниясының мамандары арнайы жабдықталған автобус ішінде қоғамдық көлікті пайдалану тәртібін іс жүзінде көрсетті. Оқушылар көлікке дұрыс отыру, жолақыны төлеу және қоғамдық орында өзін-өзі ұстау мәдениетімен танысты.

«Жыл сайын мұндай іс-шаралар өткізіліп келеді. Басты мақсатымыз – жолаушылардың және жол-көлік оқиғаларындағы қауіпсіздікті арттыру. Көп оқушы төлем жасауды немесе жол картасын алуды білмейді. Сонымен қатар адасып, жоғалып кетуі жиі кездеседі, әсіресе бастауыш сынып оқушылары арасында бұл жағдай көп кездеседі. Осыған байланысты қала мектептерінде түсіндіру жұмысын жүргізіп жатырмыз. Жоспар бойынша ай сайын 12-15 мектеп қамтылады» деді Көліктік бақылау департаменті директорының орынбасары Райымбек Қабиболла.

Қауіпсіздік мәселесі тек жол ережелерімен шектелмейді. Күн сайын қала бойынша 10-15 балаға іздеу жарияланатыны – алаңдатарлық жағдай. Жыл басынан бері балаларды іздестіруге қатысты 1 353 өтінім түскен. Осындай жағдайда мектеп картасының маңызы зор. Себебі тіркелген карта арқылы баланың қозғалысын анықтап, оны тез табуға мүмкіндік бар.

Іс-шара соңында белсенділік танытқан оқушылар марапатталып, олардың қауіпсіздікке деген жауапкершілігін арттырды.

ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ҰЛТТЫҚ ЛИГА



Астана қаласы әкімдігінің №104 мектебінде жалпы білім беретін мектептердің 2-11 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы аясындағы республикалық олимпиадалық турнир өтті.

Турнирдің негізгі мақсаты – оқушылар арасында зияткерлік спорт түрлерін кеңінен насихаттау, дарынды әрі қабілетті жасөспірімдерді анықтау және олардың ойлау, талдау, шешім қабылдау қабілеттерін дамыту.

Жарыс барысында ұлттық және зияткерлік ойындардың бірнеше түрі қамтылды. Атап айтқанда, тоғызқұмалақ – халқымыздың терең ой мен даналыққа негізделген ұлттық мұрасы ретінде оқушылардың стратегиялық ойлауын дамытса, шахмат – логика мен шыдамдылықтың мектебі ретінде қатысушылардың зияткерлік деңгейін шыңдады. Ал дойбы ойыны жылдам шешім қабылдау мен зеректікті талап ететін ерекше сайыс ретінде тартысты өтті.

Іс-шара барысында ұйымдастырушылар мен ұстаздар қауымы Ұлттық мектеп лигасының маңыздылығына ерекше тоқталды.

№104 мектеп директоры Нұртас Құрманғалиұлының айтуынша, бұл – жарыс қана емес, оқушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін үлкен алаң. Алдағы уақытта да осы бағыттағы түрлі зияткерлік, спорттық және тәрбиелік мәні бар іс-шараларды жалғастыру жоспарланған. «Ұлттық спорт түрлерінің дамуы – өскелең ұрпақтың ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, олардың елжандылық қасиеттерін қалыптастырады» дейді ол.

ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚҰНТТАДЫ

Астана қаласындағы №98 «Мирас» балабақшасында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған республикалық семинар өтті.

Семинардың тақырыбы «Абай аманаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық және адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудің негізі» деп аталды. Шараның мақсаты – ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы шығармалары мен қара сөздеріндегі тәрбиелік құндылықтарды мектепке дейінгі білім беру процесіне енгізудің тиімді жолдарын көрсету болды.

Мамандардың айтуынша, «Абай аманаты» – балалар әлі әріп танымаған кезеңнің өзінде Абай Құнанбайұлы мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық құндылықтарды ерте жастан қалыптастыруға бағытталған бірегей бастама.

Балабақша меңгерушісі Несібелі Сәрсенованың айтуынша, Астана қаласы Білім басқармасының бастамасымен 19 мектепке дейінгі мекемеде «Абай аманаты» эксперименттік алаңы енгізіліп, үш жылдық жоба ретінде жүзеге асырылған. Осы кезеңде бірқатар нәтижелі жұмыс атқарылып, Абай музейі, Ұлттық музей және қалалық кітапханалармен ынтымақтастық орнатылған.

«Жоба аясында арнайы «Абайтану» кабинеті ашылып, балаларға ұлы ойшылдың мұрасы жүйелі түрде таныстырылды. Сондай-ақ педагогтер жасанды интеллект мүмкіндігін пайдаланып, Абайдың қара сөздерін балалардың жас ерекшелігіне сай жеңілдетіп үйретудің тиімді жолдарын тапқан. Нәтижесінде тәрбиеленушілер ақынның 45 қара сөзін меңгеріп, өлеңдерін жатқа айту деңгейіне жеткен. Бұдан бөлек, педагогтер авторлық дамытушы ойындар әзірлеп, жұмыс дәптерлері мен боямақтар шығарған. Бұл материалдар балалардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамытып, шығармашылық және эмоционалдық қасиеттерін арттыруға ықпал етті» деді ол.

Астана қаласы білім басқармасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімінің басшысы Лаура Әлеуханованың сөзінше, аталған семинар – үш жылдық эксперименттік Абай алаңы жұмысының қорытынды кезеңін айқындайтын маңызды алаң. Жоба нәтижесінде жинақталған тәжірибені алдағы уақытта кеңінен тарату жоспарланып отыр.

Іс-шара барысында педагогтер Абай мұрасын балаларға заманауи әдістер арқылы танытудың тәжірибесімен бөлісті. Семинар бағдарламасында балалардың қатысуымен ұйымдастырылған шығармашылық және танымдық жұмыстар, қойылымдар ұсынылды. Сондай-ақ семинар аясында педагогтер цифрлық технологияларды пайдалану арқылы ұлттық мұраны таныту тәжірибесін де көрсетті.



ТАЗАЛЫҚТЫ ДРОН БАҚЫЛАЙДЫ

Астанада қоғамдық орындардың ластану жағдайларының алдын алу және жолын кесу жұмысы жалғасып жатыр. Құқық бұзушыларға түсіндіру жұмысы жүргізіліп, сонымен қатар заңнамаға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту шаралары қабылдануда.

Еске салайық, белгіленбеген орындарға қоқыс тастау, темекі тұқылын лақтыру, жерге түкіру, сондай-ақ көлік терезесінен қоқыс лақтыру сияқты әрекеттер үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Мұндай құқық бұзушылықтарды анықтау және болдырмау жұмысы «Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық акциясы аясында тұрақты түрде жүргізілуде. Жыл басынан бері қоғамдық орындарды ластаудың және абаттандыру ережелерін бұзудың шамамен 16 мың фактісі бойынша жауапкершілікке тарту шаралары қолданылған. Мұндай құқық бұзушылықтарды анықтау және алдын алу үшін заманауи бақылау жүйелері кеңінен қолданылып жатыр. Оперативті басқару орталығының камераларымен қатар дрондар да іске қосылып, олар аталған жағдайларды анықтап, патрульдік қызметтерге жедел ақпарат береді.

Сонымен қатар дрондар арқылы азаматтарға қоғамдық тазалықты сақтау, қала мүлкіне ұқыпты қарау, қоғамдық тәртіп пен жол қозғалысы ережелерін сақтау туралы дыбыстық ескерту жасалады. Полиция қала тұрғындары мен қонақтарын жауапкершілік танытуға шақырады.



№44 (4942) 16/04/2026 Бейсенбі

ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІКТІ ЖАЛҒАҒАН КӨПІР

Астана қаласының Қоғамдық кеңесі – қала өмірінің түрлі саласындағы маңызды мәселелерді көтеріп, тұрғындар мен билік арасындағы диалогты нығайтатын маңызды алаң. Осы кеңестің жұмысы, оның басым бағыттары мен алдағы жоспарлары туралы кеңінен білу мақсатында біз кеңес төрағасы Зулфухар ҒАЙЫПОВПЕН сұхбаттасып, қалалық Қоғамдық кеңестің атқарған жұмыстары жайлы әңгіме өрбіттік.



– Қоғамдық кеңестің негізгі миссиясы қандай?

– Қоғамдық кеңес – азаматтардың пікірін ескеріп, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ететін маңызды институт. Бүгінде ол мемлекеттік шешімдерді талқылау, сараптау және қоғамдық бақылау жүргізудің тиімді алаңына айналды. Алғашқы жылдары қоғам тарапынан қызығушылық төмен болды. Көпшілік оны мәслихатқа балама құрылым ретінде қабылдап, оның шешімдерінің тек ұсынымдық сипатта болуына байланысты күмәнмен қарады. Алайда 10 жыл ішінде Қоғамдық кеңес толыққанды институтқа айналып, халық сеніміне ие болды. Мысалы, үшінші шақырылым кезінде Астанадағы 31 орынға 225 адам үміткер болды. Бұл – бір орынға шамамен 7,5 адамнан тура келген жоғары бәсеке. Қазіргі төртінші шақырылымда да бір орынға орта есеппен 4 үміткерден келді. Бұл қоғамның кеңес жұмысына қызығушылығы артқанын көрсетеді.

– Зулфухар Сұлтанұлы, алдағы жаңа өзгерістерге байланысты, нақтылап айтқанда, Конституциямыздың жаңаруына байланысты Қоғамдық кеңесте қандай өзгерістер болады?

– Жаңа конституциялық өзгерістерге сәйкес, Қоғамдық кеңестердің рөлі күшейіп, олар Халық кеңесінің құрамына енбек. Халық кеңесі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеп, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайтуға ықпал етеді, сондай-ақ заң жобаларын енгізу және референдум бастамасын көтеру құқығына ие, бұл өз кезегінде Қоғамдық кеңестің саяси салмақтағы ықпалының артқанын айқын аңғартады. Бұл мәселе жаңа Конституциямыздың 6-бөлімінде нақты екі баппен айқындалған. Аталған баптарға сәйкес, «құрамына ел азаматтары кіретін бұл жоғары консультативтік орган Қазақстан халқының мүддесін білдіреді. Сонымен қатар, оған Құрылтайға заң жобаларын енгізу, республикалық референдум тағайындау туралы бастама көтеру және басқа да маңызды өкілеттіктер берілген». Ал 71-бапта бұл кеңестің мемлекеттік ішкі саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлейтіні, қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақты нығайтуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қызметін айқындайтын негізгі қағидаттар мен жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілетуге бағытталған ұсынымдар жасайтыны көрсетілген. Осы тұста екі маңызды мәселеге назар аударуға болады. Біріншісі – Құрылтайға заң жобаларын енгізу мүмкіндігі, екіншісі – жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтеру құқығы. Бұл өкілеттіктер Қоғамдық кеңес мәртебесінің айтарлықтай жоғарылағанын және оның саяси маңызының артқанын көрсетеді. Осыған қарап соңғы 10 жыл ішінде бұл институттың елеулі даму жолынан өтіп, жоғары деңгейге көтерілгенін толық сеніммен айтуға болады.

– Қоғамдық кеңес халықпен қалай жұмыс істейді? Сіздер халыққа қаншалықты деңгейде ашықсыздар?

– Біз толық ашық форматта жұмыс істейміз. Кеңес отырыстары алдын ала БАҚ беттерінде, сайтымызда жарияланып, кез келген азамат немесе журналист қатыса алады. Сонымен қатар барлық отырыс онлайн трансляция арқылы көрсетіледі. Астана қаласы әкімдігі тарапынан Қоғамдық кеңес жұмысына толықтай жағдай жасалған. Сол үшін де қала басшылығына ризашылығымызды білдіреміз. Сонымен қатар Қоғамдық кеңес жұмысы аясында тұрақты қабылдау күндері өтіп, азаматтардың ұсыныстары мен өзекті мәселелері тікелей қаралады, сондай-ақ қоғамдық мониторинг пен сараптама жүйелі түрде жүргізіледі. Мысалы, азық-түлік бағасына қатысты мониторинг ұйымдастырылып, заң бұзушылықтар анықталған жағдайда, тиісті мемлекеттік органдарға нақты ұсыныстар жолданады. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізімі бұрын 19 болса, қазіргі таңда 31-ге дейін ұлғайды. Осы тауарларға белгіленген бағалардың Астана қаласындағы сауда орындарында қаншалықты сақталып отырғанын бақылау – маңызды мәселелердің бірі. Бұған байланысты біз тұрақты түрде мониторинг жүргізіп, анықталған жағдайлар бойынша өз ұсыныстарымызды білдіріп отырамыз. Кейде тұрғындар да кейбір мәселелер бойынша өз ұсыныстарын айтып, бізге келеді. Көп жағдайда қарапайым халық әкімге күн сайын тікелей кіре бермейтіні белгілі. Біз олар көтерген мәселе бойынша жауапты орынның өкілдерін шақырып, оны шешудің жолдарын талқылап, өз тарапымыздан нақты ұсыныстар береміз және оның орындалуын қадағалап отырамыз. Біздің Қоғамдық кеңес құрамында 31 мүше бар. Оның шамамен 29%-ы мемлекеттік сектор өкілдері болса, 71%-дан астамы – азаматтық қоғам өкілдері, яғни ҮЕҰ, бизнес, БАҚ, кәсіподақтар, саяси партиялар және этномәдени бірлестіктердің өкілдері. Сондықтан бізге әрбір әлеуметтік топтың көтерген мәселелері маңызды болған және болады да. Міне, осы тұрғыдан алғанда, біз билік пен тұрғындар арасындағы көпір, диалог алаңы ретінде жұмыс істейміз.

– Қоғамдық тыңдаудың өнімділігі қандай?

– Қоғамдық тыңдаулар – бұл өте тиімді механизм. 2025 жылдың қараша айында біз «Шет аймақсыз қала» тақырыбында қоғамдық тыңдау өткіздік. Оған Астана қаласының барлық ауданынан белсенді тұрғындар мен аудан әкімдері, қала әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Жаңбыршыұлы Нұркенов қатысты. Жиында қаланың шеткі аймақтары дамуының жай-күйі егжей-тегжей қарастырылды. Нәтижесінде қала тұрғындарының барлығына тұрғын жайына бірдей жайлы орта қалыптастыру керек деген ұсыныс қабылданды. Бұдан бөлек, Қоғамдық кеңестің жоспарына сай, жүйелі түрде қалалық басқармалардың есептері тыңдалады. Бұл да қоғамдық маңызды құралдардың бірі. Өткен жылы біз осындай 12 есепті тыңдадық. Бөлінген қаражаттың қаншалықты тиімді жұмсалғанын, жұмыстардың жоспарға сәйкес орындалған-орындалмағанын немесе ауытқулардың бар-жоғын зерделейміз. Осы мақсатта мониторинг пен сараптама жүргізіп, нақты ұсыныстар әзірлейміз. Сонымен қатар қаланың қоғамдық кеңістіктерін дамыту сияқты маңызды мәселелер қаралды. Осы жұмыстардың нәтижесінде қоғамдық орындардың сапасы жақсарып, жоспардан ауытқулар түзетілді және бюджет қаражатының тиімділігі артты. Мысал ретінде алысқа бармай-ақ, Астана қаласы әкімдігі маңында соңғы уақытта жасалып жатқан қоғамдық кеңістіктерді айтуға болады. Бұл нысандарға қарапайым халықтың өзі оң бағасын беріп, алғысын білдіруде. Сондай-ақ мектеп инфрақұрылымына қатысты мәселелер назардан тыс қалмайды. Бұрын «Жайлы мектеп», қазір «Келешек мектептері» аясында жаңа білім беру нысандары жыл сайын көптеп салынып жатыр. Алайда кей жағдайда мектеп ғимараты салынғанмен, оған апаратын жол мәселесі назардан тыс қалып жатады. Жаз мезгілінде бұл аса байқалмағанмен, көктем мен күзде, әсіресе жаңбырлы уақытта, балалар мектепке балшық кешіп баруға мәжбүр. Осындай мәселелер туындағанда біз тиісті органдарға жүгінеміз. Мысалы, Құрылыс басқармасы өз міндетін тек мектеп салумен шектейді, жол мәселесін басқа мекеме құзыретіне жатқызады. Ал жол құрылысына жауапты басқармалар кейде бұл өз міндетіне кірмейтінін алға тартады. Осындай жағдайда біз екі тарапты бір үстел басына жинап, өзара үйлестірудің қажеттігін көтереміз. Қоғамдық тыңдаулар барысында бұл мәселелер ашық айтылып, нақты ұсыныстар беріледі. Соның нәтижесінде соңғы уақытта мемлекеттік органдар арасындағы өзара үйлесім жақсарып келе жатқанын байқауға болады. Нақты уәждер мен жүйелі ұсыныстар арқылы басқармалар тиісті шараларды қабылдап, мәселелерді шешуге бет бұруда. Бұл – қоғамдық бақылаудың тиімділігін көрсететін қарапайым мысал.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС – АЗАМАТТАРДЫҢ ПІКІРІН ЕСКЕРІП, МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ЕСЕПТІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН МАҢЫЗДЫ ИНСТИТУТ. БҮГІНДЕ ОЛ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕШІМДЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ, САРАПТАУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІ АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

– Ұсыныс орындалмай қалып жататын кездер де бола ма? Оны қалай бақылайсыздар?

– Кеңес бұрын берілген ұсыныстардың орындалуын тұрақты түрде тексеріп, есептерді тыңдау барысында нақты нәтижелерді талап етеді. Оған дәлел ретінде қаламыздағы №3 жылу электр орталығының (ЖЭО) құрылысын өз мерзімінде аяқтау мәселесін айтуға болады. Жобаны жүзеге асыру барысында түрлі қиындық туындады: бір кезеңде қаржыландыру тоқтап қалды, кейін пандемияның әсері өз ықпалын тигізді. Осындай күрделі жағдайда Қоғамдық кеңес бұл мәселені бірнеше рет көтеріп, тұрақты түрде назарда ұстады. Нәтижесінде жоба толық іске қосылып, пайдалануға берілді. Осы тұрғыдан алғанда, біз тек ұсыныс берумен шектелмей, нақты нәтижеге қол жеткізуге де атсалыстық деп айтуға болады. Әрине, заң бойынша Қоғамдық кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта. Дегенмен «Қоғамдық кеңестер туралы» заңға сәйкес, біз ұсыныс берумен қатар мемлекеттік органдардан 10 күн ішінде кері байланыс алуға құқылымыз. Яғни ұсыныстардың қалай жүзеге асып жатқанын бақылап, ресми жауап талап етеміз. Өйткені айтылған мәселе бақылаусыз қалса, оның нәтижесі де болмайды. Мысалы, сіз өзіңіз де қатысып жүрген Астана қаласы бюджетінің орындалуы туралы есептерді тыңдауды алайық. Жыл сайын біз әкімдік басқармаларына нақты сұрақтар қойып, бөлінген қаражаттың қаншалықты тиімді игерілгенін талқылаймыз. Келесі есеп барысында өткен жылғы хаттамаларды көтеріп, бұрын айтылған ұсыныстардың орындалуын сұраймыз. Осылайша, әрбір мәселе жүйелі түрде бақылауда болып, нақты жауапкершілік талап етіледі.

– Өңірлік Қоғамдық кеңестермен байланысыңыз қандай?

– Біз өңірлік Қоғамдық кеңестермен тығыз байланыста жұмыс істейміз. Мысалы, республикалық деңгейде Қоғамдық кеңестердің Үйлестіру орталығы жұмыс істейді. Бұл орталық Мәдениет және ақпарат министрлігі жанынан құрылған. Өткен жылы мен осы орталықтың тең төрағасы болдым. Осы алаң арқылы республика бойынша 250-ден астам Қоғамдық кеңеспен бірлесіп жұмыс жүргіземіз. Үйлестіру орталығында аймақтардағы Қоғамдық кеңестерде қандай мәселелер бар, заңнамаға қандай өзгерістер енгізу қажет, т. с. с. мәселелердің бәрін талқылап, оларды жетілдіру бағытында ортақ жұмыс атқарамыз. Қазір аталған Үйлестіру орталығын республикаға белгілі, беделді, мемлекетшіл тұлға Сәлімбай Егембердіұлы Шүнеев мырза басқарады. Ол кісі де осы бағытта тынымды істер жүргізіп отыр. Бұдан бөлек, Қоғамдық кеңестердің әр 3 жыл сайын өтетін ірі жиыны – мәжіліс бар. Соңғы Қоғамдық кеңестердің мәжілісі өткен жылы Астанада өтті. Онда әр өңірден келген өкілдер баяндама жасап, тәжірибе алмасты. Кейбір өңірлер өздеріндегі шешілмей жатқан мәселелерді көтеріп, Астананың тәжірибесіне жүгінеді. Біз өз кезегімізде тәжірибемізбен бөлісіп, нақты ұсыныстар мен бағыт-бағдар беруге тырысамыз. Сонымен қатар Қосшы қаласы, Ақмола, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы Қоғамдық кеңестермен тығыз қарым-қатынастамыз. Ортақ мәселелерді бірлесіп шешеміз. Соның бірі – Астана агломерациясын дамыту. Астана маңындағы елді мекендерді қала дамуымен үйлестіру – маңызды бағыттардың бірі. Осыған байланысты 2026-2030 жылдарға арналған Астана қаласының даму жоспары Қоғамдық кеңесте талқыланып, агломерацияны дамыту бойынша нақты ұсыныстар енгізілді.

– Биыл Қоғамдық кеңестің құрылғанына 10 жыл толды. Осы орайда назарға алып отырған жоспарларыңыз бар ма?

– Қоғамдық кеңестің 10 жылдығы аясында біз арнайы іс-шаралар жоспарын алдын ала құрып қойдық. Бұл жоспарда қала және ел деңгейіндегі ірі жобалар мен маңызды оқиғаларға белсенді қатысу көзделген. Мысалы, жақында өткен референдум барысында біз жоспарға сәйкес белсенді атсалыстық. Ал биыл Астанада жаңа емханалар мен мектептер ашылмақ, сондай-ақ басқа да нысандар іске қосылады – осының барлығына Қоғамдық кеңес мүшелері қатысуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар «Таза Қазақстан» шарасы аясында өтетін жалпыхалықтық сенбілікке де белсенді қатысу ниетіміз бар. Осыған орай, бізге арнайы аумақ бөлінсе, сол жерге ағаш отырғызып, оны күтіп-баптауды өз мойнымызға алуды жоспарлап отырмыз. Бұл – 10 жылдық аясында қалатын нақты бір белгі болсын деген ниет. Бұдан бөлек, жыл соңында Қоғамдық кеңес жұмысына ерекше үлес қосқан азаматтарды марапаттауға арналған қорытынды іс-шара өткізу жоспарда бар. Сондай-ақ кеңестің 10 жылдық тарихын жинақтап, арнайы кітап шығару да көзделіп отыр.

Атам қазақта «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген тамаша қанатты сөз бар. Сондықтан елорданың дамуына бір кісідей атсалыссақ, айбыны асқақтап, әлемдегі ең көрікті де тартымды қалаға айналатынына сенімім мол.

Сұхбаттасқан
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



АҚЫНДЫ АРДАҚТАДЫ

Астана қаласының Мемлекеттік архивінде көрнекті ақын, драматург, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Тұрғынбекұлының 80 жас мерейтойына орай «Ешкім бөліп алмайды ақынды елден...» атты дөңгелек үстел отырысы өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Архив тек қана мемлекеттік мекемелердің ғана емес, елге еңбегі сіңген көрнекті тұлғалардың да құжаттарын жинаумен айналысады. Сондай еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтардың бірі – Серік Тұрғынбекұлы. Елорда архивінде де ақынның қоры ашылған. Осы жиынды жүргізген аталмыш мекеме директоры Жангелді Бимолдин атап өтті.

терді жаңғыртып, Серік Тұрғынбекұлы мен Кеңшілік Мырзабековпен көзбе көз танысқан күннен әңгіме өрбітті. 17 жасында орта мектепті бітіріп, Алматыға барғанда онда 20 жастан енді ғана асқан қос ақынмен кездескенін, содан бері Серік шайырмен араласып келе жатқанын айта келе, оған да 60 жылға жуықтап қалғанын жеткізді. Серік Тұрғынбекұлының бар болмысын, кісілік келбетін ашатын арнауын оқып берді.

Астана қаласының Мемлекеттік архивінің ғылыми-әдістемелік бөлімінің басшысы, белгілі композитор, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тілеуғали Қышқашбаев астана елорда болғанда Серік Тұрғынбекұлынмен жақын танысқанын айтып өтіп, архивтің тұлғалардың мұрасын сақтаудағы үлкен орнына тоқталды. Кейбір елге белгілі азаматтардан ештеңе қалмағанын өкінішпен айтып, ақынмен бүгінгі кездесудің маңызын атап өтті. Серік Тұрғынбекұлының өлеңдеріне белгілі композиторлар Еркеғали Рахмадиевтен бастап, Әсет Бейсеуов, Кеңес Дүйсекеев, Сейдолла Бәйтереков, Төлеген Мұхамеджанов, Жоламан Тұрсынбаев, Марат Омаров секілді өзі де ән жазғанын жеткізді. Жиналғандар сондай «Достарым» әнін тыңдады.

Ақын Мұхарбек Жәкейұлы Серік Тұрғынбекұлын алғашқы рет туған ауылында мектеп оқушысы кезінде, көрнекті жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің 50 жас мерейтойында көргенін, сол жылдары Алматыдағы ақынға өзінің ақын болу арманы туралы хат жазатынын, соны Серік Тұрғынбекұлы осы күндерге дейін сақтағанын айта келе, алғысын жеткізді. Сол хаттар да елорда архивінен орын алатынына қуанатынын айтып өтті.

Ақындар Ахат Расул мен Ұмтыл Зарыққан, Еркеғали Бейсенов Торғай топырағының қасиеті жөнінде әңгімелей келе, тілектерін жеткізді, өлеңдерін оқыды. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Топжарған» ақындар клубының мүшелері Нұрхан Әлмаханұлы мен Назерке Қалжігіт Серік Тұрғынбекұлының «Құлагер» ақын Ілияс Жансүгіровке арнауы мен «Әйел сүйсе» атты өлеңін оқып берді. Серік Тұрғынбекұлының елорданың қалыптасуына қосқан үлесін ескеріп, Астана қаласының Құрметті азаматы атағын беру керектігі туралы ұсыныс айтылды. Айтпақшы, 22 мамыр күні елордада ақынның шығармашылық кеші өтеді. Оның атауы да «Аспан асты Астана» аталады.



Жиынды ақынның жары Жанна Тұрғынбек пен Серік Тұрғынбекұлы түйіндеп, жиналғандарға алғыс айтты. Ақын архивтің маңызы туралы айта келе, Қазақ радиосында қызмет істегенде қазір өмірде жоқ талай көрнекті тұлғалардан сұхбат алғанын, сол сұхбаттар радионың «Алтын қорында» сақтаулы екенін, ал Сәбит Мұқановпен сұхбаты жазушының Алматыдағы музейінде бар екенін жеткізді. Мұқағали Мақатаев, Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов жайындағы естеліктерін жаңғыртты.

Қалалық архив атынан ақын мен жарына құрмет көрсетіліп, қазақы дәстүрмен иықтарына шапан мен орамал жабылды. Өлең оқыған «Топжарған» клубының мүшелеріне алғыс хат тапсырылды.

«Ақын – халықтың рухани айнасы десек, оның әр жырынан елдің қуанышы мен мұңы, жүрек сыры, замана тынысы сезіледі. Серік Тұрғынбекұлының поэзиясында ол ерекше орын алады. Ақын Ақмоланың елорда болуына үлкен үлес қосты, Астана қалыптасуының басы-қасында болды. Ақынның биылғы мерейтойы бұл – жеке адамның ғана емес, қазақ жырының, қазақ руханиятының мерекесі. Серік Тұрғынбекұлы қазақ поэзиясына өз үні мен өз тынысымен келіп, қазақ жырының көкжиегін кеңейтті» деді Жангелді Бержанұлы.

Қонақтардың назарына «Қаламмен өрілген өмір» атты мұрағаттық құжаттар мен фотосуреттерден құралған көрме ұсынылды. Ақынның жүріп өткен жолынан сыр шертетін көрмеге ақынның кітаптары мен марапаттары, суреттері, қолжазбалары қойылды. «Жыр-ғұмыр» атты бейнеролик көрсетілді.

«Замандас лебізі» бөлімінде ақын, аудармашы Әбжан Әбілтай естелікқайраткері Тілеуғали Қышқашбаев астана елорда болғанда Серік Тұрғынбекұлынмен жақын танысқанын айтып өтіп, архивтің тұлғалардың мұрасын сақтаудағы үлкен орнына тоқталды. Кейбір елге белгілі азаматтардан ештеңе қалмағанын өкінішпен айтып, ақынмен бүгінгі кездесудің маңызын атап өтті. Серік Тұрғынбекұлының өлеңдеріне белгілі композиторлар Еркеғали Рахмадиевтен бастап, Әсет Бейсеуов, Кеңес Дүйсекеев, Сейдолла Бәйтереков, Төлеген Мұхамеджанов, Жоламан Тұрсынбаев, Марат Омаров секілді өзі де ән жазғанын жеткізді. Жиналғандар сондай «Достарым» әнін тыңдады.

Ақын Мұхарбек Жәкейұлы Серік Тұрғынбекұлын алғашқы рет туған ауылында мектеп оқушысы кезінде, көрнекті жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің 50 жас мерейтойында көргенін, сол жылдары Алматыдағы ақынға өзінің ақын болу арманы туралы хат жазатынын, соны Серік Тұрғынбекұлы осы күндерге дейін сақтағанын айта келе, алғысын жеткізді. Сол хаттар да елорда архивінен орын алатынына қуанатынын айтып өтті.

Ақындар Ахат Расул мен Ұмтыл Зарыққан, Еркеғали Бейсенов Торғай топырағының қасиеті жөнінде әңгімелей келе, тілектерін жеткізді, өлеңдерін оқыды. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Топжарған» ақындар клубының мүшелері Нұрхан Әлмаханұлы мен Назерке Қалжігіт Серік Тұрғынбекұлының «Құлагер» ақын Ілияс Жансүгіровке арнауы мен «Әйел сүйсе» атты өлеңін оқып берді. Серік Тұрғынбекұлының елорданың қалыптасуына қосқан үлесін ескеріп, Астана қаласының Құрметті азаматы атағын беру керектігі туралы ұсыныс айтылды. Айтпақшы, 22 мамыр күні елордада ақынның шығармашылық кеші өтеді. Оның атауы да «Аспан асты Астана» аталады.

Жиынды ақынның жары Жанна Тұрғынбек пен Серік Тұрғынбекұлы түйіндеп, жиналғандарға алғыс айтты. Ақын архивтің маңызы туралы айта келе, Қазақ радиосында қызмет істегенде қазір өмірде жоқ талай көрнекті тұлғалардан сұхбат алғанын, сол сұхбаттар радионың «Алтын қорында» сақтаулы екенін, ал Сәбит Мұқановпен сұхбаты жазушының Алматыдағы музейінде бар екенін жеткізді. Мұқағали Мақатаев, Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов жайындағы естеліктерін жаңғыртты.

Қалалық архив атынан ақын мен жарына құрмет көрсетіліп, қазақы дәстүрмен иықтарына шапан мен орамал жабылды. Өлең оқыған «Топжарған» клубының мүшелеріне алғыс хат тапсырылды.

ОҚУ ОРДАСЫНДАҒЫ ӨНЕР САЛТАНАТЫ

Қазақ ұлттық өнер университетіне қазақ опера өнерінің негізін қалаушылардың бірі, ҚСРО халық әртісі Күләш Байсейітова есімінің берілуіне орай оқу орнында бірнеше күн бойы жалғасқан бірқатар салтанатты іс-шаралар өтті.

Бұл іс-шаралар «Университет күндері» атауын иеленіп, алғашқы күні Күләш Байсейітованың портретін салудан ұйымдастырылған байқаудың жеңімпаздары марапатталды. Атақты опера әншісінің мемориалдық аймағының тұсаукесері өтіп, оған байқауда топ жарған картина ілінді. «Кино және ТВ суретшісі» мамандығы студенттерінің көрмесі қойылды.

«Қыз бен жігіт айтысы» кеші ұйымдастырылып, сөз сайысына университеттің барлық мамандықтарының студенттері қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Жас айтыскерлер тапқырлығы мен суырыпсалмалық қабілеттерін көрсетті. Айтыс барысында ұлттық құндылықтар мен заманауи тақырыптар көркем тілмен өріліп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Кеше университеттің амфитеатр сахнасында «Шапағатыңды шаш, әз Наурыз» атты мерекелік концерт өтті. Іс-шара Наурыз мейрамының рухын



жаңғыртып, ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталды. Ал оқу орынның Үлкен концерт залында «Сайра, бұлбұл» атты гала-концерт ұйымдастырылды. Концерт бағдарламасы қазақ музыка өнерінің үздік үлгілерін қамтыды. Сонымен қатар, университет студенттері арасында «Гәкку» атты академиялық вокалдық байқау өтті.

КӨРЕРМЕН КӨЗҚАРАСЫ ҚЫМБАТ

Театр – тәрбие ошағы. Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының тыныс-тіршілігін білу мақсатында ұжым директоры Ербол Хабылбековпен тілдескен едік. Сол сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.



– Сіз үшін табысты спектакльдің негізгі өлшемі не: көрермен саны ма, сыншылар бағасы ма, әлде уақыт сынынан өтуі ме?

– Мен үшін сыншылардың бағасы, көрермендердің көзқарасы да қымбат. Дәлірек айтқанда, театр тірі организм ғой, сол үшін тікелей көрерменге жұмыс істейді. Халық өз бағасын береді. Бірақ арнайы мамандар сыншылар, сарапшылар театрда болуы керек. Әр аптаның сейсенбісінде міндетті түрде үлкен жиналыс өткіземіз. Барлық мамандарды кезекші сайлап, өткен спектакльдің сынайтын жерін сынап, тексеріп отырамыз. Бұл – қойылымға қиянат жасау емес, керісінше жүйелі түрде жүріп жатқан спектакльге баға беру. Бұдан бөлек маған басшы ретінде көптеген хаттар келіп түседі. Сол хаттарға жауап беріп, көрермендермен пікір алмасып отырамыз. Сонымен қатар жылына бір рет «Қаллеки тынысы» деген ішкі фестивалімізді ұйымдастырамыз. Мұнда да арнайы ұстаздар мен профессорларды, сыншыларды шақырамыз. Өнер саласында жүрген майталмандар қойылымды көріп, өз бағаларын береді. Біз үшін ең бағалысы – сыншылар мен көрермендердің пікірі. Яғни сынды да қабылдаймыз және содан нәтиже шығарамыз.

– Жаңа буын көрерменді театрға тарту үшін дәстүрлі сахналық формадан қаншалықты алыстауға дайынсыз?

– Жастарды тарту мақсатында күшті әрине, алдымен соларға саламыз. Олар заман талабына сай дүниелер көргісі келеді. Осы тұрғыда белсене қызмет етуге тиіспіз. Жас көрермендер көптеп келеді. Музыкалық кештер немесе лирикалық қойылымдарға жастардың келуі көңілге қуаныш ұялатады. Келіп қана қоймайды, олар талқыға салады, өз пікірлерімен бөліседі. Ойларын ашық айтады. Біз қай көрерменді де шектен тыс мәжбүрлеп театрға тартпаймыз, олардың ой-саналары қалыптасқан, ерікті түрде келіп жатады. Театрда әр түрлі бағытта қойылымдар қойылып жатқаннан кейін барлығына баланс жасауға тырысамыз. «Бопай ханым», «Жошы ханның» өз көрермендері бар. «Шеңбер» сынды лабораториялық қойылымдар бар. Десек те әлемдік классикаларды да ұмыт қалдырған кезіміз жоқ.

– Театрды тек өнер ордасы емес, қоғамдық пікір қалыптастыратын алаңға айналдырудың қаншалықты қажеті бар?

– Театр саясаттан алыс болуы керек. Ол менің азаматтық пікірім және де басшы ретінде де айтарым, театрдағы қойылымдар саяси пікірталас тудырмау керек деп есептеймін. Театр өнерді дәріптеу керек. Дәстүрді, ұлттың құндылықтарын ұсына отырып, халыққа жұмыс істеуі керек. Халықтың сана-сезіміне өнермен ғана сілкініс жасап, сол арқылы баурау, баулу керек деп ойлаймын. Руханиятпен рухтандыру қажет. Сонда ғана өз миссиямыздың орындалғаны болар еді.

– Қазіргі қазақ театрына қандай тақырыптар жетіспейді?

– Қазіргі таңда қазақ драматургтерін қолдауымыз қажет. Олардың жаңа қойылымдарын іздеуіміз керек. Неге мен мұны айтып отырмын, өйткені өзіміздің эпостарымыздан бастап, насихаттап отырмыз. «Қыз Жібек» пе, «Еңлік-Кебек» пе, қайсысын айтсақ та барлығы сахнадан түскен емес. Түспейді де... Кеше ғана өмірден өткен Әкім Тарази, Мұхтар Мағауин, Дулат Исабеков сынды классик тұлғаларымыздың шығармаларын жиі насихаттап, олардың сүбелі дүниелерін жастарға ұсынып отырсақ, жөн болады. Аты аталғаны бар, аталмағаны бар, классиктер көптеген тақырыптарды қамтып кеткен. Тек сол шығармаларға жан салуымыз керек. Ал қазіргі жастардың заманауи дүниелері де қамтылып отыруы қажет-ақ. Олар да өз қал-қадірлері жеткенше кез келген тақырыптарды қамтып отыр. Сондықтан қазір бұл біздің театрға аса күрделі мәселе деп айта алмаймын. Ал жаңағы сөз басында тілге тиек еткен «Қыз Жібек», «Еңлік-Кебек» қойылымдары жас көрермендер үшін ертегіге айналып бара жатқаны жасырын емес. Қазір ұлттық бағытта жұмыс жасау үшін министрлікте толық мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан тер төгіп жұмыс істеу ғана қалды, барлық авторлармен байланыс үзілген жоқ.

– Театрдың халықаралық аренада танылуы үшін қандай нақты қадамдар жасалып жатыр?

